





17 мамырда елордалық Департамент қызметкерлері «Астана - АЭК» АК және «Астанаэнергосервис» АК бірлесе Астана қаласының шғыл ден қою жиынтық жасағын (ШДКЖЖ) тарта отырып, шаруашылық объектілерінде жаттығу жоспарына сәйкес Индустриалдық саябағы ауданында «АЖЭО-2 – Степная» ЭЖ-110 кВ объектісінде электр жабдыктарының авариясын жою бойынша бөлек жаттығу өткізді.

Жаттығуды өткізу барысында қаланың коммуналдық және жедел қызметінің кұлақтандырылуына, технологиялық бұзушылық пен аварияны жою және электр желілері бойынша авариялық-техникалық бөлімінің оқиға орнына жедел келу уақытына кұлақтандыру сызбасына сәйкес диспетчер тексеру жүргізді.

Жаттығуға «Астана - АЭК» АҚ-нан 2 бірлік техника және авариялық буыннан 8 адам жұмылдырылды.

Осындай жаттығулар қала аумағында табиғи және техногенді сипаттағы тотенше жағдайларды жоюда ШДКЖЖ құралымдарының кәсібилігін және дайындық дәрежесін арттыру мақсатында өткізіледі.





Астана қаласы ТЖД ТЖЖБ